

**«Қазақстан – менің алтын бесігім»
Республикалық балалар фестивалін өткізу ережесі**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың тәрбиеленушілері арасында «Қазақстан – менің алтын бесігім» республикалық балалар фестивалін (бұдан әрі – Фестиваль) өткізу ережесі оның мақсатын, міндеттерін, өткізу және қаржыландыру тәртібін айқындайды.

2. Фестивальдің мақсаты: жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың шығармашылық әлеуетін ашу, қазақстандық қоғамның дәстүрлі мәдени, рухани және адамгершілік құндылықтарына негізделген азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру үшін табысқа жету жағдайын жасау.

3. Фестивальдің міндеттері:

1) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың шығармашылық әлеуетін, өз халқының этномәдениетін зерделеуге қажеттіліктерін дамыту, белсенді шығармашылық қызметке тарту, оларды әлеуметтендіру;

2) халық шығармашылығы саласындағы мәдени дәстүрлердің сабақтастығын сақтау;

3) балалардың, педагогтердің, қоғамның бірлескен қарым-қатынасының толерантты дағдылары мен біліктіліктерін қалыптастыру;

4) қоғамды (қалық жұртшылықты), БАҚ, телевидениені жетім балалардың және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың өздерін таныту және өзін өзі іске асыру құралы ретінде назарын аудару;

5) ұлттық мәдениетті насихаттайтын шығармашыл ұжымдарды және жеке орындаушыларды анықтау, қолдау;

6) жетім балалардың және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың бойында отансүйгіштік қасиетті, ұлттық мәдениетке, халық дәстүрлеріне деген құрметті және ұқыпты қарауға тәрбиелеу;

7) шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтерді ақпараттық қолдау, ұжым арасындағы шығармашылық байланыстарды кеңейту және білім беру ұйымдары педагогтерінің тәжірибе алмасуы.

4. Фестиваль қашықтық форматта өткізіледі.

5. Қазылар алқасының, ұйымдастыру комитетінің құрамын ұйымдастырушылар қалыптастырады.

2-тарау. Фестивальді өткізу мерзімі және орны

6. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары ұйымдастырушыларға 2021 жылғы 12 ақпанға дейін

қосымшаларға сәйкес фестивальға қатысуға өтінімдері қоса берілген ілеспе хатты gumcdo.muz@mail.ru электрондық мекенжайға жібереді.

Өтінімге мыналар қоса беріледі:

1) қатысушылар туралы мәліметтер (балалардың т. а. э., туған жылы, сыныбы, оқу орны және білім беру ұйымының мекенжайы, телефоны, номинация, топ басшысының Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефондары);

2) қатысушылар мен топ басшысының жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

3) қатысушының бағдарламасы;

4) арнада орналастырылған бейнематериалға сілтеме <http://www.youtube.com>, на электронную почту konkurs.muz@mail.ru.

Фестивальге арналған бейнеролик кез келген сахналық алаңдарда және сапалы фонограмма жазумен (сахна, концерттік алаң және т. б.) түсіріледі.

Бейне сапалы түрде, тоқтаусыз бір роликпен жазылуы керек. Бұрын сапалы түрде жазылған дайын бейнені тоқтаусыз бір роликпен пайдалануға рұқсат етіледі.

Фестиваль қорытындысы, жеңімпаз дипломдары, жетекшілеріне алғыс хаттар, қатысушы сертификаттары 2021 жылғы 1 наурыз www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

3-тарау. Фестивальға қатысушылар

7. Фестивальге жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың тәрбиеленушілері, 10-17 жас (18 жасқа дейін) – фестивальдің облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалық кезеңдерінің жеңімпаздары қатысады. Қатысушылардың жасы фестивальді өткізу кезінде анықталады.

8. Фестиваль қашықтық форматта өткізіледі: қатысушылардың жалпы саны – 170 адам (өңірден 10 адам: 8 бала, 2 жетекші).

4-тарау. Фестивальді өткізу шарттары мен тәртібі

9. Фестиваль екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең (іріктеу) - өңірлік:

білім беру ұйымдарының ішінде;

аудандық (қалалық);

облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары;

2) екінші кезең (қорытынды) – Республикалық фестиваль.

10. Фестивальдің бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімі облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының аудандық (қалалық) бөлімдері мен білім басқармалары басшыларының бұйрықтарымен айқындалады.

11. Фестиваль номинациялар бойынша өткізіледі:

- 1) «Жүрек жылуы» вокалистер байқауы;
- 2) «Татулықтың тұтқасы – бірліктің бесігі» халық би байқауы;
- 3) «Ризамын халқыма!» театр байқауы.

12. «Жүрек жылуы» вокалистер байқауы. Вокалистердің конкурстық өнер көрсету бағдарламасына (соло, дуэт, трио) 2 туынды енгізіледі: олардың бірі қазақ тілінде, екіншісі – қатысушының таңдауы бойынша. Қатысушылар туындыларды "минус бір" фонограммасымен сүйемелдейді.

13. Вокалистер байқауы (соло, дуэт, трио) келесі жас санаттарында өткізіледі:

бірінші жас санаты - 6-11 жас;

екінші жас санаты - 12-17 жас.

14. Қойылымдарды бағалау критерийлері: вокалдық-музыкалық қаблеті (жақсы дауыс, интонация тазалығы, ырғақ сезімі, жақсы дикция); шығарманың көркемдік көрінісі; сахналық образ (нөмірдің ән мазмұнына сәйкестігі); өзіндік және креативтілік дәрежесі.

15. Сондай-ақ номинациялар бойынша үздік қатысушылар марапатталады: «Ең жарық жұлдыз», «Өнерге құштарлығы үшін», «Шабытты орындаушы», «Үздік вокал», «Әртістілігі үшін»

16. «Татулықтың тұғыры - бірліктің бесігі» халықтық би байқауында техникасы мен музыкасы, әр түрлі ұлт пен этнос билері, әлем халықтарының би билері ұсынылады.

Сипаттамасы: Кәсіби орындау деңгейін, мәнерлілігін, шығарманың композициялық тұтастығының жоспарын белгілеуге мүмкіндік беретін би композициясы.

Қатысушылар 2 би орындайды, олардың жалпы ұзақтығы 7 минуттан аспауы керек.

17. Өнерін бағалау критерийлері: ойын-сауық (көрермендерге эмоционалды әсер ету), Тұжырымдаманың, тарихтың, идеяның немесе тақырыптың өзіндік және шығармашылық сипаты, костюмдердің, макияждың және жалпы идеяға сәйкес келуі, визуалды эффектілерді қолдану, тұжырымдама, Музыка және хореография арасындағы үйлесімділікті сақтау, орындау техникасы.

18. Сондай-ақ номинациялар бойынша үздік қатысушылар марапатталады: «Көрермен таңдауы», «Сахналық шеберлігі үшін», «Ептілігі үшін», «Нәзіктігі үшін», «Жас орындаушы».

19. «Ризамын халқыма!» театр қойылымдары байқауы.

Бұл номинацияда қатысушы ұжымдар 15 минуттан аспайтын театрлық қойылым ұсынады.

20. Конкурстық жұмыстарды бағалау критерийлері: жұмыстың номинация тақырыбына сәйкестігі: Нөмірді көркем безендіру (музыка, костюмдер, деректемелер), бейнелі мәнерлілік, композициялық шешім (нөмірдің драматургиясы), актерлік шеберлік (сахналық сөйлеу, сахналық қозғалыс элементтері), туындының көркем бейнеленуі, бірегейлік және креативтілік дәрежесі.

21. Сондай-ақ номинациялар бойынша үздік қатысушылар марапатталады: «Ең сүйкімді қатысушы», «Жас орындаушы», «Үздік әйел рөлі», «Үздік ер адам рөлі».

22. Конкурстық жұмыстарды кәсіби қазылар алқасы конкурс критерийлеріне сәйкес 10 балдық шкала бойынша бағалайды. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

5 тарау. Фестиваль қатысушыларын марапаттау

23. Фестиваль-байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар гран-при, I, II, III дәрежелі дипломдармен және сыйлықтармен марапатталады. Фестивальдің барлық қатысушыларына сертификаттар беріледі. Сонымен қатар, дипломдар мен жүлделер қосымша номинациялардың жеңімпаздарына беріледі.

Фестиваль жеңімпаздарын дайындаған педагогтарға алғыс хаттар жолданады.

24. Фестивальді қашықтықтан өткізу кезінде жүлде жеңімпазға немесе жеңімпаз ұжымға өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша Қазпошта арқылы табыстау туралы хабарламамен жіберіледі. Жүлдеге қол қою үшін жүлдені қабылдау-тапсыру актісі қоса беріледі.

Алушы жүлдені алғаны туралы сканерленген қабылдау-тапсыру актісін қолымен, аты-жөні мен телефонын, жеңімпаздың/ жеңімпаз ұжымның жүлдесі бар фотосуретін көрсете отырып, электрондық поштаға жібереді.

25. Фестиваль соңында қорытынды, жеңімпаз дипломдарының электрондық нұсқалары, жеңімпаз басшыларының алғыс хаттары, қатысушылар сертификаттары сілтеме бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен ұйымдастырушының сайтында орналастырылады.

1-қосымша

«Қазақстан – менің алтын бесігім» Республикалық балалар фестивалі би ұжымына қатысуға өтінім

№ р/с	Қатысушының Т.А.Ж. (толық) көрсетілген ұжым атауы	Қатысушының туған күні	Тұратын жері (облыс, қала, ауыл, үйінің мекенжайы, телефоны)	Білім беру ұйымы, сынып	Ұжым аталуы	Би аталуы	Жетекшінің Т.А.Ж. (толық), байланыс телефондары
1.							
2.							

2-қосымша

